

*Құжаттар тізбесі толық болып табылмайды,  
өйткені нақты жағдайға байланысты қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін*

**Жеке кәсіпкер – Қазақстан Республикасының бейрезиденті  
ағымдағы /жинақ шоты**

1. Банктік шот ашуға өтініш (бланкті Банк береді);
2. Қолтаңбалардың үлгілері бар құжат, 2 (екі) дана (бланкті Банк береді);
3. Қол қою үлгілері бар Құжатқа сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуге Клиенттің құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжат (құжаттар)
4. Жеке кәсіпкер ретінде тіркеуге есепке алынғанын растайтын құжат (ЖСН берілген);
5. Клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шотындағы ақшаны басқаруға) байланысты операцияларды жасау кезінде, қолтаңбалардың үлгілері бар құжатқа сәйкес, төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаға (тұлғаларға) бірінші/екінші қол қою құқығын беру туралы сенімхат;
6. Рұқсат (егер клиенттің қызметі Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына сәйкес лицензиялау арқылы немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асырылған жағдайда);

**Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді  
зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл  
туралы» заңы аясында Клиентті тиісті тексеруге  
қажетті құжаттар тізімі**

1. Мемлекеттік тіркеуден өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжаттың көшірмесі (Хабарлама/Хабарламаны қабылдау туралы талон немесе рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме);
2. Клиент – жеке кәсіпкердің, шаруа қожалығының, жекеше нотариустың, адвокаттың, жеке сот орындаушысының, кәсіби медиатордың *сауалнамасы* (бланкіні Банк береді);
3. Егер Клиенттің атынан оның өкілі әрекет етсе, онда қосымша келесілер сұратылады:  
Клиент өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;  
Клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде Клиенттің құжаттарына қол қоюға Клиент өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжаттар.  
егер басқасы Қазақстан Республикасы тарапынан ратификациялаған халықаралық келісімдерде қарастырылмаса, бейрезидент-жеке тұлғаның Қазақстан Республикасы аумағына кіру және болу құқығы Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарда тіркелгенін куәландырылатын құжат.